**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

# КОММУТАЦИЯЛЫҚ АППАРАТУРА ЖӘНЕ ТӨМЕН ВОЛЬТТІ ЖИЫНТЫҚ БАСҚАРУ МЕХАНИЗМДЕРІ
## 8-бөлім
## Айналатын электр машиналары үшін қоса орнатылған термиялық қорғауға арналған басқару блоктары

# АППАРАТУРА КОММУТАЦИОННАЯ И МЕХАНИЗМЫ УПРАВЛЕНИЯ НИЗКОВОЛЬТНЫЕ КОМПЛЕКТНЫЕ
## Часть 8
## Блоки управления для встроенной термической защиты для вращающихся электрических машин

**ҚР СТ IEC 60947-8-2012**

*(IEC 60947-8-2011 «Lov-voltage switchgear and controlgear. Part 8: Control units for built-in thermal protection (PRT) for rotating electrical machines», IDT)*

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)**

**Астана**

gost.e-ecolog.ru

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

# КОММУТАЦИЯЛЫҚ АППАРАТУРА ЖӘНЕ ТӨМЕН ВОЛЬТТІ ЖИЫНТЫҚ БАСҚАРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

## 8-бөлім
## Айналатын электр машиналары үшін қоса орнатылған термиялық қорғауға арналған басқару блоктары

**ҚР СТ IEC 60947-8-2012**

*(IEC 60947-8-2011 «Lov-voltage switchgear and controlgear. Part 8: Control units for built-in thermal protection (PRT) for rotating electrical machines», IDT)*

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)**

**Астана**

## Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны, № 70 «Ресурс үнемдеуді стандарттау» Техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2012 жылғы 19 қарашадағы № 547-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт IEC 60947-8-2011 «Lov-voltage switchgear and controlgear. Part 8: Control units for built-in thermal protection (PRT) for rotating electrical machines» (Коммутациялық аппаратура және төмен вольтті жиынтық басқару механизмдері. 8-бөлім. Айналатын электр машиналары үшін қоса орнатылған термиялық қорғауға арналған басқару блоктары) халықаралық стандартымен бірдей.

Халықаралық стандартты IEC №17 «Коммутациялық аппаратура және басқару механизмдері» техникалық комитеті, 17B «Коммутациялық аппаратура және төмен вольтті жиынтық басқару механизмдері» ішкі комитеті әзірледі.

Аударма ағылшын тілінен (en).

Осы ұлттық стандарт әзірленген және сілтемелер берілген, халықаралық стандарттың ресми данасы Бірыңғай мемлекеттік нормативтік техникалық құжаттар қорында бар.

Ресми нұсқасы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтін болып табылады.

Сәйкестік дәрежесі – бірдей (IDT).

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ** **2017 жыл**
**ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** **5 жыл**

**5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**

*Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен толықтырулар мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған немесе ауыстырылған (жойылған) жағдайда, тиісті ақпарат ай сайын басып шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланатын болады*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

**Мазмұны**


| | | |
|---|---|---|
| 1 | Қолданылу саласы | 1 |
| 2 | Нормативтік сілтемелер | 1 |
| 3 | Терминдер, анықтамалар, символдар және аббревиатуралар | 3 |
| 4 | Жіктеу | 6 |
| 5 | Ерекшеліктер | 6 |
| 6 | Техникалық сипаты | 9 |
| 7 | Қалыпты пайдалану шарты, жинақтау және тасымалдау шарты | 10 |
| 8 | Құрастырылымдық және пайдалану талаптары | 10 |
| 9 | Сынақ | 13 |
| А қосымшасы (міндетті) Термиялық қорғау жүйесінде қолданылатын термиялық бергіштер | | 21 |
| В қосымшасы (міндетті) Арнайы сынақ | | 23 |
| С қосымшасы | | 24 |
| Д.А қосымшасы (ақпараттық) Ұлттық стандарттардың сілтемелік халықаралық стандарттарға (халықаралық құжаттарға) сәйкестігі туралы мәліметтер | | 25 |

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

# КОММУТАЦИЯЛЫҚ АППАРАТУРА ЖӘНЕ ТӨМЕН ВОЛЬТТІ ЖИЫНТЫҚ БАСҚАРУ МЕХАНИЗМДЕРІ
## 8-бөлім
## Айналатын электр машиналары үшін қоса орнатылған термиялық қорғауға арналған басқару блоктары

**Енгізілген күні 2014-01-01**

## 1 Қолданылу саласы

Осы стандарт IEC 60034-11 сәйкес айналатын электр машиналарға қосылған термиялық бергішке сәйкес ауыстырып қосу функцияларын орындайтын, басқару блоктарына арналған және өнеркәсіпте қолданылатын ережелерді анықтайды.

Осы стандарт ерекшеліктер мен басқару блогына байланысты термисторлық бергіштің оң температуралық коэффициентінен (ОТК) тұратын осы жүйе түріне арналған ережелерді анықтайды.

IEC 60751 PT100 бергіштерін қамтиды, мұндағы резисторлар мәні бергіш температурасына сәйкес келтірілген.

Осы стандарт термисторлық бергіштің осы оң температуралық коэффициенті мен байланысқан басқару блогын қосу сипаттамаларын (белгіленген «бергіштің А шкаласы» және «басқару блогының А шкаласы»), олар термиялық қорғау жүйесінде қолданылған кезде белгілейді.

ЕСКЕРТПЕ Басқару блогының жұмыс сипаттамаларының барлық талаптарын көрсету мүмкін емес, себебі олар термиялық бергіштің кейбір аспектілеріне байланысты. Термиялық қорғау жүйесі талаптарының кейбір аспектілері айналатын машинаның сипаттамаларын және қорғалатын, машинада бергішті орнату әдісін есепке алған кезде ғана анықталады.

Сол себепті, әрбір сипаттама кезінде осы қажетті мәндерді белгілеуге кім жауапты екендігін және талаптардың сақталуына және кез келген растау сынағын өткізуге кім жауапты екендігін көрсету қажет.

## 2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың көрсетілген басылымын ғана қолданады, күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымын (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданады.

IEC 60034-11:2004* Rotating electrical machines. Part 11: Thermal protection (Айналатын электр машиналар. 11-бөлім: Жылумен қорғау).

IEC 60068-2-1* Environmental testing. Part 2-1: Tests. Test A: Cold (сыртқы факторлар әсерін сынау. 2-1 бөлімі. Сынау. А сынағы: Суық).

IEC 60068-2-6:1995* Environmental testing. Part 2: Tests. Test Fc: Vibration (sinusoidal) (Сыртқы факторлар әсерін сынау. 2-бөлім: Сынау. Fc сынағы: Діріл (синусоидалық)).

IEC 60068-2-27:1987* Environmental testing. Part 2: Tests. Test Ea and guidance: Shock (Сыртқы факторлар әсерін сынау. 2-бөлім. Сынау. Еа сынағы және нұсқау: Соққы).

IEC 60410:1973* Sampling plans and procedures for inspection by attributes (Сапалық белгілер бойынша іріктеме бақылау ережесі мен жоспарлары).

IEC 60417:2002* Graphical symbols for use on equipment (Жабдықта қолданылатын, графикалық белгілену).

IEC 60738-1:1998* Thermistors. Directly heated positive step-function temperature coefficient. Part 1: Generic specification (Жеке сатылы функциясы бар оң температуралық коэффициентімен тікелей қыздыратын терморезисторлар. 1-бөлім. Жалпы техникалық

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

шарттар).

IEC 60751:1983* Industrial platinum resistance thermometer sensors Amendment 1 (1986) Amendment 2 (1995) (Өнеркәсіптік платинді кедергі термометрлері. 1-өзгеріс (1986) 2-өзгеріс (1995)).

IEC 60947-1:2007* Low-voltage switchgear and controlgear. Part 1: General rules (Коммутациялық аппаратура және төмен вольтті жиынтық басқару механизмдері. 1-бөлім. Жалпы ережелер).

IEC 60947-5-1:2003* Low-voltage switchgear and controlgear. Part 5-1: Control circuit devices and switching elements – Electromechanical control circuit devices (Коммутациялық аппаратура және төмен вольтті жиынтық басқару механизмдері. 5-1 бөлімі. Құрылғы және басқару тізбегінің коммутациялық элементтері. Басқару тізбегінің электрмеханикалық құрылғысы).

IEC 61000-4-2:2008* Electromagnetic compatibility (EMC). Part 4-2: Testing and measurement techniques. Electrostatic discharge immunity test (Электрмагниттік үйлесімділік. 4-2 бөлімі. Сынау және өлшеу әдістемесі. Электрстатикалық разрядқа қабылдамаушылығын сынау).

IEC 61000-4-3:2006* Electromagnetic compatibility (EMC). Part 4-3: Testing and measurement techniques. Radiated, radio-frequency, electromagnetic field immunity test Amendment 1 (2007) Amendment 2 (2010) (Электрмагниттік үйлесімділік. 4-3 бөлімі. Сынау және өлшеу әдістемесі. Радиожиілікте сәуле таратумен электрмагниттік өріс әсеріне төзімділігін сынау. 1-өзгеріс (2007). 2-өзгеріс (2010)).

IEC 61000-4-4:2004* Electromagnetic compatibility (EMC). Part 4-4: Testing and measurement techniques. Electrical fast transient/burst immunity test Amendment 1 (2010) (Электрмагниттік үйлесімділік. 4-4 бөлімі. Сынау және өлшеу әдістемесі. Жылдам өтпелі процестерге және шолпылды қабылдамаушылығына сынау. 1-өзгеріс).

IEC 61000-4-5:2005* Electromagnetic compatibility (EMC). Part 4-5: Testing and measurement techniques. Surge immunity test Corrigendum 1 (2009) (Электрмагниттік үйлесімділік. 4-5 бөлімі. Сынау және өлшеу әдістемесі. Кернеу шығарындысын қабылдмаушылықты сынау. Түзету).

IEC 61000-4-6:2008* Electromagnetic compatibility (EMC). Part 4-6: Testing and measurement techniques. Immunity to conducted disturbances, induced by radio-frequency fields (Электрмагниттік үйлесімділік. 4-6 бөлімі. Сынау және өлшеу әдістемесі. Радиожиілікті өрістермен жүргізілген қуат тізбегі бойынша кедергілерден қорғау).

IEC 61000-4-8:2009* Electromagnetic compatibility (EMC). Part 4-8: Testing and measurement techniques. Power frequency magnetic field immunity test (Электрмагниттік үйлесімділік. 4-6 бөлімі. Сынау және өлшеу әдістемесі. Радиожиілікті өрістермен жүргізілген қуат тізбегі бойынша кедергіден қорғау).

IEC 61000-4-11:2004* Electromagnetic compatibility (EMC). Part 4-11: Testing and measurement techniques. Voltage dips, short interruptions and voltage variations immunity tests (Электрмагниттік үйлесімділік. 4-11 бөлімі. Сынау және өлшеу әдістемесі. Кернеудің қысқа мерзімді төмендеуі, қысқа ағытылу).

IEC 61000-4-13:2002* Electromagnetic compatibility (EMC). Part 4-13: Testing and measurement techniques. Harmonics and interharmonics including mains signalling at a.c. power port, low-frequency immunity tests Amendment 1 (2009) (Электрмагниттік үйлесімділік. 4-13 бөлімі. Сынау және өлшеу әдістемесі. Айнымалы ток желісіне берілетін, желілік сигналдарды қоса алғанда, үйлесім және аралық үйлесім әсерінен төмен жиілікті кедергіні қорғауды сынау. 1-өзгеріс).

CISPR 11:2009* Industrial, scientific and medical equipment. Radio-frequency disturbance characteristics. Limits and methods of measurement Amendment 1 (2010)

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

(Өнеркәсіптік, ғылыми-зерттеу, медициналық радиожиілікті жабдық. Электрмагниттік кедергілер сипаттамалары. Шектік мәндер мен өлшеу әдістері. 1-өзгеріс).

CISPR 22:2008* Information technology equipment. Radio disturbance characteristics. Limits and methods of measurement (Ақпараттық техника жабдығы. Радиожиілік сипаттамалары. Шектік мәндер мен өлшеу әдістері).

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш және ағымдағы жылда жарияланған ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты басып шығару кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер құжат ауыстырусыз жойылса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

## 3 Терминдер, анықтамалар, символдар және аббревиатуралар

Осы стандартта IEC 60947-1 бойынша терминдер, сондай-ақ сәйкес келетін анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

### 3.1 Терминдер және анықтамалар


| | Сілтеме |
|---|---|
| A | |
| Термобергіштің жылдам сипаттық өзгеруі | 3.1.14 |
| B | |
| Қоса салынған термиялық қорғау | 3.1.1 |
| C | |
| Термиялық қорғау санаты | 3.1.12 |
| Термиялық қорғаудың сипаттық өзгеруі | 3.1.13 |
| Басқару тізбегі | 3.1.16 |
| Басқару жүйесі | 3.1.5 |
| Басқару блогы | 3.1.15 |
| Сымның үзілуін динамикалық анықтауды басқару блогы | 3.1.25 |
| T | |
| Термиялық бергіш тізбегінде қысқа тұйықталуды танитын басқару блогы | 3.1.24 |
| D | |
| Бергіштің жұмыс температурасы | 3.1.17 |
| E | |
| Электр оқшауланған түйіспе элементтер | 3.1.20 |
| M | |
| Басқару блогының А шкаласы | 3.1.23 |
| Бергіштің А шкаласы | 3.1.22 |
| Ағытқаннан кейін ең жоғары температура | 3.1.11 |
| P | |
| Қорғалатын бөлік | 3.1.6 |
| Термисторлық бергіштің оң температуралық коэффициенті | 3.1.21 |
| R | |
| Температураны түсіру | 3.1.19 |
| S | |
| Термиялық бергіш типін ауыстырып қосу | 3.1.4 |
| Жүйенің жұмыс температурасы | 3.1.18 |


* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

Т


| | |
|---|---|
| Термобергіш | 3.1.3 |
| Жылдам өзгеретін термиялық артық жүктеу | 3.1.8 |
| Баяу өзгеретін термиялық артық жүктеу | 3.1.7 |
| Термиялық қорғау жүйесі | 3.1.2 |
| Бергішпен термиялық қорғау | 3.1.10 |
| Термиялық критикалық машина торабы | 3.1.9 |


3.1.1 **Қоса салынған термиялық қорғау:** Айналатын электр машинасының кейбір бөлшектерін (қорғалған бөлшектер деп аталады) тұтас немесе бөлігі машина шектеріне қосылған термиялық сезгіш құрылғы болып табылатын, термиялық қорғау жүйесі арқылы қол жеткізілген, термиялық жүктеудің белгілі жағдайы нәтижесінде қызудан қорғау.

3.1.2 **Термиялық қорғау жүйесі:** Басқару блогымен бірге қоса салынған термиялық бергіш көмегімен айналатын электр машинасын термиялық қорғауды қамтамасыз етуге арналған жүйе.

3.1.3 **Термиялық бергіш:** Оның температурасы берілген деңгейге жеткен кезде, басқару жүйесінде ауыстырып қосу функциясын бастамалайтын температураға сезгіш, оқшауланған электр құрылғы (құрауыштар).

3.1.4 **Термиялық бергіш типін ауыстырып қосу:** Ауыстырып қосатын элементтің тікелей әсерін тудыратын термиялық бергіш.

ЕСКЕРТПЕ Термиялық бергіштің және ауыстырып қосатын элементтің үйлесімі біртұтас ретінде бағаланады және айналатын электр машинада орнатылады.

3.1.5 **Басқару жүйесі:** Айналатын электр машинаға жеткізуге ауыстырып қосатын функциясының термиялық бергіш сипаттамаларының белгілі нүктелерін келтіретін жүйе.

ЕСКЕРТПЕ Жүйе температура релені түсіру параметріне дейін жеткенде түсіруге қабілетті (қолмен немесе автоматты).

3.1.6 **Қорғалған бөлік:** Температурасы термиялық қорғау жүйесінің белгілі қолданылу мәніне дейін шектелген айналатын электр машиналар бөлігі.

3.1.7 **Баяу өзгеретін термиялық жүктеме:** Қалыпты жұмыс температурасынан жоғары температураның баяу көтерілуі.

1-ЕСКЕРТПЕ Елеусіз кідірісті қадағалау үшін, термиялық бергіш температурасы үшін жеткілікті баяу қорғалған бөлікте температураның өзгеруі.

2-ЕСКЕРТПЕ Баяу өзгеретін термиялық жүктеме мысалы:

- желдету немесе желдету жүйесіндегі ақауда, мысалы, желдету арналарын жартылай бұғаттау, шамадан тыс тозаң, орамдағы немесе құрылымның салқындатылған қабырғасындағы кірден;
- қоршаған орта температурасының шамадан тыс артуы немесе салқындату ортасының температурасында;
- механикалық артық жүктеудің біртіндеп артуынан;
- кернеудің ұзақ құлауынан немесе қуат машинасының асқын кернеуімен;
- машинаның шамадан тыс қызметімен туындайды.

3.1.8 **Жылдам өзгеретін термиялық артық жүктеу:** Қалыпты жұмыс температурасынан жоғары температураның жылдам артуы.

1-ЕСКЕРТПЕ Қорғалған бөліктерде температураның өзгеруі кідіріссіз термиялық бергіш пен қорғалған бөлік арасында біршама температуралық айырмашылыққа әкелетінін қадағалау үшін, термиялық бергіш температурасы үшін өте жылдам болады.

2-ЕСКЕРТПЕ жылдам өзгеретін термиялық артық жүктеу, мысалы, машинаның тоқтауынан немесе белгілі жағдайларда, фазаның істен шығуы немесе дұрыс емес жағдайларда іске қосылуынан (аса жоғары инерция, аса төмен кернеу, шамадан тыс жоғары жүктеме моменті) туындайды.

3.1.9 **Термиялық критикалық машина торабы:** Температура аса жылдам өзінің қауіпті мәніне жететін, машина бөлігі.

ЕСКЕРТПЕ Термиялық маңызды болып табылатын, машина бөлігі, баяу өзгеретін термиялық қорғау жағдайында, жылдам өзгеретін термиялық қорғау бола алмайды.

3.1.10 **Бергішпен термиялық қорғау:** термобергіш (тер) критикалық бөлікпен термиялық қосылған болып табылатын, қорғау түрі.

3.1.11 **Ағытқаннан кейін ең жоғары температура:** жылдам өзгеретін термиялық артық жүктеу үшін термиялық қорғау жүйесін ағытуға әкелетін, мерзім ішінде машинаның қорғалған бөлігі есебінен қол жеткізетін температураның ең жоғары мәні.

3.1.12 **Термиялық қорғау санаты:** Термиялық қорғау әсері кезінде машина орамасында температураның жол берілетін деңгейлерін көрсету.

3.1.13 **Термобергіштің сипаттық өзгеруі:** Өндіріс уақытында немесе басқару блогының бастапқы баптауы бойынша алдын ала орнатылған, бір температура үшін басқару жүйесінде функцияны қосуға қабілетті температурамен байланысқан, сипаттық өзгеретін термобергіш.

ЕСКЕРТПЕ Мысалы, резистор бергіші, термопар бергіші, термисторлық бергіштің температуралық коэффициенті, термисторлық бергіштің оң температуралық коэффициенті.

3.1.14 **Термиялық бергіштің шұғыл сипаттық өзгеруі:** Басқару жүйесінде өндіріс уақытында коммутациялық операцияны бастамалауға қабілетті, алдын ала белгіленген бір температурамен тіркелетін, шұғыл сипаттық өзгеретін термиялық бергіш.

3.1.15 **Басқару блогы:** Термиялық бергіш сипаттамаларының өзгеруін қосу қызметін түзетін, құрылғы.

ЕСКЕРТПЕ Басқару блогы басқа құрылғылар немесе жүйелер бөлігі бола алады.

3.1.16 **Басқару тізбегі:** Қуатты жасайтын және бұзатын құрылғыны қосатын басқару тізбегі.

3.1.17 **Бергіштің жұмыс температурасы:** Температура артқан уақытта бергішті қосатын немесе, өзіне тән температураға байланысты өзгеріс басқару блогына байланысты әсерді тудыратын бергіш температурасы.

3.1.18 **Жұмыс температурасы жүйесі:** температура артқан уақытта бергіш және басқару блогы бірге басқару блогы әсерін тудыратын температура бергіші.

3.1.19 **Температураның түсуі:** Температура артқан уақытта бергішті ауыстырып қосатын немесе өзіне тән температураға байланысты өзгеріс басқару блогымен үйлесімде басқару блогын түсіруге мүмкіндік беретін температура бергіші.

3.1.20 **Электрмен ажыратылған түйіспе элементтер:** Түйіспе элементтер бір басқару блогына тиесілі, бірақ олар ажыратылған тізбектерде электрмен жалғанатын, бір-бірінен жеткілікті оқшауланған.

3.1.21 **Термисторлық бергіш PTC:** PTC бөлшегі ретінде, оның бөліктерінде белгілі кедергі сипаттамасы болатын, термистор PTC көмегімен жасалған, термиялық бергіштің дереу сипаттық өзгеруі, оның температурасы берілген мәннен асқан кезде, болмашы сейілу қуатымен оның электр кедергісінде біршама артады.

3.1.22 **Бергіштің А шкаласы:** Нақты сипаттамалары бар термисторлық бергіш ПТК А қосымшасында келтірілген.

3.1.23 **Басқару блогының А шкаласы:** Нақты сипаттамалары бар басқару блогы осы стандартта келтірілген және бергіштің А шкаласымен үйлесімде жұмыс істеуге арналған.

3.1.24 **Термиялық бергіш тізбегінде қысқа тұйықталуды танитын басқару блогы:** Басқару блогы термиялық бергіш тізбегінде қысқа тұйықталуды анықтауға қабілетті.

3.1.25 **Сымның үзілуін динамикалық анықтайтын басқару блогы:** Басқару блогы термиялық бергіш тізбегіндегі үзілуді көрсетуге қабілетті.

**3.2 Символдар мен аббревиатуралар**

*EMY* – электромагниттік үйлесімділік;
$I_e$ – номиналды ток (5.3.3 қараңыз);
$I_{th}$ – қарапайым атмосфералық жылу тогы (5.3.3 қараңыз);
*PTC* – оң температуралық коэффициент;
*Q* – күшею коэффициенті (9.3.3.13.3 қараңыз)$
*TFS* – жұмыс температурасының жүйесі (3.1.18 қараңыз);
*TNF* – бергіштің жұмыс температурасы (3.1.17 қараңыз);
$U_e$ – номиналды жұмыс кернеуі (5.3.2 қараңыз);
$U_i$ – оқшаулаудың номиналды кернеуі (5.3.3 қараңыз);
$U_{imp}$ – номиналды импульстік кернеу (6.1 қараңыз);
$U_r$ – бергіш тізбегінің номиналды кернеуі (6.1 қараңыз);
$U_s$ – басқару қуатының номиналды кернеуі (6.1 қараңыз).

**4 Жіктеу**

Қарау сатысында

**5 Ерекшеліктер**

**5.1 Жалпы ережелер**

Басқару блогының сипаттамалары мұндай терминдер қолданылатын жерлерде, мынадай терминдерде көрсетілуге тиіс:

- жабдық типі (5.2 қараңыз);
- қорғау жүйесінің номиналды электр мәні (5.3 қараңыз);
- термиялық бергіштердің сипаттық өзгеруінің номиналды электр мәні (5.4 қараңыз);
- басқару блогы бергіші тізбегінің номиналды кернеуі (5.5 қараңыз)

**5.2 Жабдық типі**

**5.2.1 Қорғау жүйесінің жұмыс температурасы**

Әр бергіштің немесе басқару блогы бар бергіштің 5.2.2 (TNF) сәйкес белгіленген номиналды жұмыс температурасы немесе 5.2.3 (TFS) сәйкес жұмыс температурасының белгіленген номиналды жұмыс температурасы немесе екеуі де болуға тиіс.

Мысалы:

a) термиялық бергіш типін ауыстырып қосу: TNF белгіленуге тиіс;

b) термиялық бергіштің шұғыл сипаттық өзгеруі: TNF белгіленуге тиіс; TFS қолданылмайды;

c) басқару блогымен термиялық бергіштің шұғыл сипаттық өзгеруі: TFS белгіленуге тиіс. Бұл жағдайда, TFS мәні бергіштің өзі үшін TNF мәнімен сәйкес келеді;

d) басқару блогымен термиялық бергіштің сипаттық өзгеруі: TFS белгіленуге тиіс. Бұл жағдайда TNF анықталатын мәні болмайды.

**5.2.2 Бергіштің номиналды жұмыс температурасы**

Термиялық бергіштің шұғыл сипаттық өзгеруі жағдайында, TNF мәні бергішті өндірушімен белгіленуге тиіс.

TNF қалыпты мәні Цельсий градуспен өрнектелуі және бес еселік болып табылатын сандар қатарынан таңдалуы ұсынылады.

Бергіштің жұмыс температурасын тексеретін, бергішті өндіруші жауапкершілік алуға тиіс.

**5.2.3 Жұмыс температурасының номиналды жүйесі**

Егер бергіштің және басқару блогының қорғау жүйесі бір жеткізуші арқылы жеткізілсе, онда жеткізуші TFS мәнін белгілеуге тиіс.

Барлық басқа жағдайларда басқару блогын өндіруші TFS мәнін белгілеуге тиіс.

Егер өндіруші арасында басқаша келісілмесе, белгіленген TFS мәні бойынша шақтама ± 6 K құрауға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Детектор мен басқару блогы шақтамаларының жиынтық шақтамасы.

Осы мән тексерілетініне кепілдік беру үшін, TFS мәнін белгілейтін өндіруші немесе жеткізуші жауапкершілік алуға тиіс, бірақ сынақ бергішті өндірушімен немесе басқару блогын өндірушімен келісім бойынша өткізіледі.

Жиі сынау 8.2.1 сәйкес қалыпты пайдалану жағдайында жұмыстың дұрыстығын тексеру үшін басқару блогын өндірушімен өткізілуге тиіс.

**5.2.4 Жүйеге арналған ең жоғары рұқсат етілетін номиналды жұмыс температурасы**

Белгілі бергіш немесе белгілі басқару блогы үшін TFS ең жоғары рұқсат етілетін мәнін бергішті өндіруші немесе сәйкесінше басқару блогын өндіруші белгілеуге тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Кез келген белгілі құрылғы үшін, TFS ең жоғары мәні сипаттамаларға және бергішті шығарған кезде қолданылатын материалдарға немесе басқару блогын әзірлеген кезде қолжетімді баптау параметрлерінің ауқымымен түрі өзгеретін, бергіш сипаттамасын шектеуге байланысты.

**5.2.5 Температураның түсуі**

Температураның түсу мәні мен шақтамалар бергішті өндірушімен немесе бұл бергіш және басқару блогы үйлесіміне байланысты болған жағдайда, басқару блогын өндірушімен белгіленеді.

Бергішті өндіруші немесе басқару блогын өндіруші, олардың қайсы 9.3.3.8 сәйкес тексерілгеніне кепілдік беру үшін температураның түсуін белгілеуіне байланысты жауапкершілік алады, бірақ сынақ келісім бойынша әр өндірушімен өткізіледі.

ЕСКЕРТПЕ Басқару жүйесін ағытқаннан кейін машинаны артық жүктеу үшін машина мен термиялық бергіш орамасы салқындату үшін қате іске қосылусыз машинаның дұрыс үдеуіне, әсіресе инерцияның үлкен моментімен рұқсат беру үшін маңызды.

Жаңарту үшін температура мәні орнатуға және пайдалану шартына байланысты. Басқару жүйесі әр түрлі температуралық мәндерді таңдауға рұқсат беру үшін әзірленеді.

Жүйені қолмен шамадан тыс жүктеу үшін ең жоғары температураны қарастыру қажет. Жүйені автоматты жүктеу үшін, машинаны өндіруші TNF немесе TFS таңдаудан және шақтаманың белгіленген мәндерімен температураны түсіруден, ең төмен және ең жоғары температура айырмасын ескеруге тиіс. Өте тар дифференциал мәндер қате іске қосылуды қайта қосу үшін жеткілікті суытуға рұқсат бермейді. Аса кең дифференциал температура ұзақ уақытқа машинаның шамадан тыс артуына немесе әкеледі немесе түсіру жоғары температурада болмайды.

**5.2.6 Басқару блогы А шкаласының сипаттамалары**

Басқару блогы пайдаланудың қалыпты жағдайында жұмыс істейді және бергіш тізбегі басқару блогының қысқысына қосылады, мына шарттар сақталуға тиіс, сәйкестік 9.3.3.10 көрсетілген сынақты өткізумен тексерілуге тиіс:

a) бергіш тізбегінің кедергісі 750 Ω немесе кем құраған кезде, басқару блогын қоса немесе түсіре білу қажет;

b) термисторлық бергіш тізбегінің кедергісі 1 650 Ω –ден 4 000 Ω дейін артқан кезде, басқару блогын ағыту қажет;

c) термисторлық бергіш тізбегінің кедергісі 1 650 Ω -ден 750 Ω дейін түскен кезде, басқару блогын қосу немесе түсіру қажет;

d) 4 000 Ω кедергі термисторлық бергіш тізбегінің байланысына арналған әр қысқы жұп арасында байланысса және басқару блогы номиналды кернеуде жұмыс істеген кезде, әр қысқы жұп кернеуі 7,5 В аспауға тиіс (тұрақты немесе ауыспалы шың кернеуі);

е) басқару блогы жұмысында бергіш тізбегінің сыйымдылығы 0,2 μФ артпаған кезде, елеулі өзгерістер болмауғат тиіс.

**5.2.7 Бергіш тізбегіндегі қысқа тұйықталуды анықтау**

Термиялық бергіштердің төмен кедергісі бар, демек арнайы шара қысқа тұйықталудан нөлге дейін кедергіні азайтуды тануға қажет. Қосымша қауіпсіздігін немесе айналатын электр машиналарының қызмет мерзімін арттыруды қамтамасыз ету үшін бергіш тізбегінде анықтау жүйесінің қысқа тұйықталуын жасауға пайдалы болады. Термиялық қорғау қауіпсіздігі, атап айтқанда, қысқа тұйықталған тануды арттырады.

Мұндай қысқа тұйықталуды тану қысқа тұйықталуды ғана анықтайды, бірақ белгілі әрекетті автоматты қамтымайды. Барлық келесі әрекеттер басқару блогының конфигурациясына және өндірушінің қосымшасына байланысты.

**5.3 Қорғау жүйесінің номиналды электр мәні**

**5.3.1 Коммутациялық аппараттардың номиналды электр мәні (мысалы, басқару блогы және термиялық бергіш типтерін ауыстырып қосу)**

Басқару блогының электр коммутациялық аппараттарының номиналды мәнін және термиялық бергіш типін ауыстырып қосуды қажеттілігіне қарай 5.3.2-5.3.4 сәйкес басқару блогын өндіруші белгілеуге тиіс.

**5.3.2 Басқару блогының номиналды кернеуі**

Басқару блогының номиналды кернеуі IEC 60947-14.3.1.2, 4.3.1.1 бойынша оқшаулаудың номиналды кернеуі ($U_i$) және номиналды жұмыс кернеуі ($U_e$) болып табылады.

**5.3.3 Басқару блогының номиналды токтары**

Басқару блогының номиналды тогы қарапайым термиялық еркін ток ($I_{th}$) және IEC 60947-1 4.3. 2.1, 4.3.2.3 бойынша номиналды жұмыс тогы ($I_e$) болып табылады.

ЕСКЕРТПЕ Басқару блогы номиналды жұмыс кернеуі мен номиналды жұмыс тогы үйлесімінің кейбір санына беріледі.

**5.3.4 Басқару блогының номиналды коммутациялық қабілеті**

Басқару блогы мен қолданылу санаты берілетін термиялық бергіш типін қосу үшін, қолданылу санаты IEC 60947-5-1 4.4 сәйкес белгіленуге тиіс және осы мән қолданылу санатына және номиналды кернеу мен токқа байланысты болатын, номиналды коммутациялық қабілетін көрсету қажеттілігі жоқ.

**5.4 Термиялық бергіштердің сипаттық өзгерістерінің номиналды электр мәндері**

**5.4.1 Жалпы ережелер**

Термиялық бергіштердің сипаттық өзгеруінің номиналды электр мәнін өндіруші белгілеуге тиіс.

**5.4.2 Оқшаулаудың номиналды кернеуі**

Кернеу мәніне Диэлектр сынақ жататын, номиналды оқшаулау кернеуі ($U_i$).

**5.4.3 Бергіштің номиналды жұмыс кернеуі**

Жұмысы жұмсалған кернеуге байланысты бергіш үшін, номиналды жұмыс кернеуі ($U_e$) кернеу мәні болып табылады, соның көмегімен бергіш беріледі және бергішке қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ Айнымалы токта қолданылатын бергіштер үшін, номиналды жұмыс кернеуінің ең жоғары кернеу мәні $\hat{U}_e$ көрсетілген.

**5.5 Басқару блогы бергіші тізбегінің номиналды кернеуі**

Бергіш тізбегінің номиналды кернеуі ($U_r$) басқару блогын өндіруші белгілейтін, белгілі номиналды жұмыс кернеуі бар, жылу детектермиялық бергіштердің сипаттық өзгеруін қолдануға арналған.

Ең жоғары кернеу мәні төменде көрсетілгендей кедергі анықталған кезде, бергіш тізбегін қосуға арналған әрбір қысқы жұптары арасында байқалатын кернеу $U_r$ осы қысқылармен және басқару блогы жеткізілген кезде оның номиналды кернеуінде жалғасады.

Қолданылатын кедергі басқару блогы ағытулы болғанда сыртқы сипаттамалар мәніне сәйкес келеді және тізбектегі бергіштер санын назарға алады. Бұл сыртқы сипаттамалар пішініне байланысты ең жоғары немесе ең төмен болады.

ЕСКЕРТПЕ Егер тізбек, айнымал ток тізбегі болса, онда номиналды кернеу $\tilde{U}_r$ көрсетілген ең жоғары кернеу мәні болып табылады.

## 6 Техникалық сипаты

### 6.1 Ақпараттар мазмұны

Мынадай ақпаратты өндіруші ұсынуға тиіс:

Белгілену:

a) өндірушінің атауы немесе саудалық маркасы;

b) типінің белгіленуі және сериялық нөмірі;

c) 60947-8.

Басқару блогының A шкаласы «басқару блогының A шкаласымен» қосымша белгіленуге тиіс.

Басқару блогының A шкаласын қосымша таңбалау:

Басқару блогы осы стандарт нөміріне қосымша «A» әрпімен белгіленуге тиіс.

Сипаттамасы, негізгі номиналды мәні және қолданылуы

d) Басқару тізбегі қуатының номиналды кернеуі $U_s$;

e) Басқару тізбегі қуатының номиналды кернеу жиілігі;

f) Басқару блогының номиналды жұмыс кернеуі ($U_e$);

g) Басқару блогының номиналды жұмыс тогы ($I_e$);

h) Қолдану санаттары немесе коммутациялық қабілеті;

i) Бергіштерді, басқару блогын және қуатын таңбалау және қосу қысқысын анықтайтын, тізбек диаграммасы;

j) Басқару тізбегіндегі номиналды оқшаулау кернеуі ($U_i$);

k) Басқару блогы қолданылатын және егер детектор каскадының номиналды кернеуі ($U_r$) қолданылса, термиялық бергіштер типі;

l) Жабық жабдық болған жағдайда IP-коды;

m) EMY шығарындылары деңгейіне сәйкес жабдық кластары және сәйкестікті ұстауға қажетті ерекше талаптар;

n) Кедергіге тұрақтылығының қолжетімді деңгейі және сәйкестікті ұстауға қажетті ерекше талаптар;

o) Нормаланған ұсталатын кернеу $U_{imp}$;

p) Номиналды жұмыс температурасы.

### 6.2 Таңбалау

IEC 60947-1 5.2 сәйкес мынадай толықтырулармен.

d)-дан p) деректерден жоғары жабдықта немесе өндірушінің әдеби баспасында таңбалауы болуға тиіс.

c)-дан l) деректердің жабдықта таңбалауы болуға тиіс.

### 6.3 Орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық

IEC 60947-1, 5.3 сәйкес мынадай толықтырулармен.

Пайдаланушыға EMY (электрмагниттік үйлесімділік) талаптарына байланысты,

жабдыққа қатысты қабылданатын шаралару туралы хабарлау үшін, ақпаратты өндіруші ұсынуға тиіс.

## 7 Қалыпты пайдалану шарты, жинақтау және тасымалдау шарты

IEC 60947-1 6-бөліміне сәйкес.

## 8 Құрастырылымдық және пайдалану талаптары

### 8.1 Құрастырылымдық талаптар

IEC 60947-1 7.1 сәйкес мынадай толықтырулармен.

Жалғау құрылғысының (мысалы қысқы) белгіленген күйінде 0,5 мм$^2$ –ден 1,5 мм$^2$ дейін сымдар тінін қабылдау мүмкіндігі болуға тиіс және термиялық бергіш тізбегінің қосылуын рұқсат ету үшін жеткілікті мөлшері болуға тиіс.

Термиялық бергіштің бір тізбегіне қосу үшін қысқылардың Т1 және Т2 таңбалауы болуға тиіс.

Термиялық бергіштің бірнеше тізбегіне қосатын қысқыларды 1Т1 және 1Т2, 2Т1 және 2Т2 және т.с.с. таңбалауы болуға тиіс.

Корпуста немесе жер потенциалында болатын қысқылар IEC 60417 бойынша тиісті символмен белгіленуге тиіс.

Орнату жол берілетін соққы мен діріл деңгейін және орнату жағдайындағы шектеуді қоса алғанда, өндірушінің нұсқаулықтарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

**8.1.1 Жалпы ережелер**

**8.1.2 Материалдар**

**8.1.2.1 Материалдарға қойылатын жалпы талаптар**

IEC 60947-1, 7.1.2.1 сәйкес.

**8.1.2.2 Қыздырылған сыммен сынау**

IEC 60947-1:2007 7.1.2.2 сәйкес мынадай толықтырулармен.

Жабдықта немесе оқшаулау материалдарының бөлшектері қолданылатын жерлерде, жабдықтан алынған бөлікте сынаған кезде 850 °С сынақ температурасы кезінде IEC 60947-1 8.2.1.1.1 қыздырылған сым сынағына сәйкес келетін күйде ток өткізгіш элементтерді сақтау қажет.

**8.1.2.3 Жану санатына негізделген сынақ**

IEC 60947-1,7.1.2.3 сәйкес.

**8.1.3 Ток жүргізетін элементтер және олардың қосылысы**

IEC 60947-1, 7.1.3 сәйкес.

**8.1.4 8 Саңылаулар мен жылыстау жолдарының ұзындығы**

IEC 60947-1 7.1.4 сәйкес.

**8.2 Пайдалану талаптары**

**8.2.1 Қарапайым жұмыс жағдайы**

Басқару блоктары 7-бөлімнің барлық жағдайлары мен сәйкес келетін бергіштерді қолданған кезде мынадай шарттарға сәйкес қанағаттанарлық жұмыс істеуге тиіс:

- қуат кернеуі басқару тізбегінің номиналды қуат тізбегінде 85% және 110% арасында ($U_s$);
- қуат кернеуінің жиілігі (айнымалы ток бірлігі үшін) 50 Гц немесе 60 Гц;
- таза ауа мен ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40 °С ең жоғары температурада 50 % артық емес.

1-ЕСКЕРТПЕ Тұрақты ток бірлігі үшін, пульсация және құрастырылымдық параметр өндіруші мен тұтынушы арасында келісілуге тиіс.

2-ЕСКЕРТПЕ Көрсетілмеген жоғары деңгейде тұратын, жұмыс жағдайында қолдануға арналған

құрылғы өндіруші мен тұтынушы арасындағы келісім заты болуға тиіс.

**8.2.2 Дұрыс емес жұмыс жағдайы**

Басқару блогы номиналды кернеуде жеткен кезде, бұзылусыз өндіріс жағдайын ұстау күйінде болуға тиіс, сондай-ақ:

- қысқа тұйықталған қысқы тұйықтағыш термиялық бергіш тізбегінің әр қысқы жұптарында тұрған кезде;

- термиялық бергіш тізбегінің әр қысқы жұбы тұйықталмаған кезде.

Осы талапты орындау 9.3.3.2 сәйкес сынаумен тексерілуге тиіс.

**8.2.3 Диэлектрлік қасиеттер**

IEC 60947-1, 7.2.3 сәйкес.

Егер өндірушімен басқаша қарастырылмаса, басқару блогының термиялық бергіш тізбегі үшін диэлектрлік сынақ қуаты 690 В номиналды оқшаулау кернеуіне негізделуге тиіс.

**8.2.4 Температураның өсуі**

Қосымша кілттерден тұратын, жабдықтың оперативтік ток тізбегі 9.3.3.3 сәйкес сынаған кезде, IEC 60947-1 2, 3-кестелерінде белгіленген шектерден асатын, температураның өсуінсіз өзінің қарапайым жылу тогын өткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

**8.2.5 Қысқа тұйықталған шартты ток**

Ауыстырып қосу элементі 9.3.4 бойынша көрсетілген шарттарға сәйкес қысқа тұйықталған ток кезінде туындайтын жүктемелерді ұстауға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Талаптар IEC 60947-5-1-ден алынды. Осы стандартқа тікелей сілтеме жеткіліксіз болып тсаналады.

**8.2.6 Басқаратын коммутациялық шарттар мен оперативтік ток тізбектері**

Қолданылу санаттары IEC 60947-1 А қосымшасына сәйкес АС-15 және DC-13 сияқты белгіленуге және 9.3.3.5 сынағымен тексерілуге тиіс.

**8.2.7 Қорғау бөлімі бар жабдыққа қойылатын талаптар**

IEC 60947-1 N қосымшасына сәйкес.

**8.2.8 Жұмыс температурасының өзгеруі**

Егер машина өндірушісі мен бергішті және/немесе басқару блогын өндіруші арасында басқаша келісілмесе, қалыпты және қалыпты емес пайдалану жағдайында құрауышты ауыстырып қосатын номиналды коммутациялық шарттарды тексеру үшін сынақ өткізгенге дейін және кейін термиялық бергіштің жұмыс температурасы (TNF немесе TFS егер қолданылса) 5.2.3 талаптарына сәйкес талаптарды қанағаттандыруға тиіс.

Осы талаптардың орындалуы 9.3.3.6 сәйкес сынаумен тексерілуге тиіс.

**8.2.9 Сыртқы факторлар әсерін сынау**

В.2 сәйкес.

**8.2.10 Соққы және діріл**

**8.2.10.1 Соққы**

Басқару блогы IEC 60068-2-27 сәйкес мынадай параметрлермен тексерілуге тиіс.

Оң және теріс үш соққы қосулы және ағытулы кернеу кезінде құрылғыдағы үш өзара перпендикуляр бойынша әр бағыттарда қолданылуға тиіс.

Импульс түрі: жартылай синусоидалық

Шың үдеуі: 100 м/с$^2$

Импульстің ұзақтығы: 11 мс

**8.2.10.2 Діріл**

Басқару блогы қосулы және ағытулы кернеу кезінде құрылғыдағы 2-кесте параметрлерімен IEC 60068-2-6 сәйкес тексерілуге тиіс.

**2-кесте – Дірілге тұрақтылығын сынау параметрлері**

| Жиілік ауқымы | Ығысу | Үдеу |
|---|---|---|
| $2^{+3}_{-0}$ -ден 13,2 Гц дейін | ± 1 мм | |
| 13,2 Гц -ден 100 Гц дейін | | ± 0,7 г |

**8.2.11 Бергіш тізбегі шектерінде қысқа тұйықталуды анықтайтын талаптар**

Басқару блогы қалыпты жұмыс жағдайында жұмыс істегенде және бергіш тізбегі басқару блогының қысқыларына қосылғанда мынадай шарттар сақталуға тиіс.

Сәйкестігін тексеру 9.3.3.12 көрсетілген сынақ жолымен өтуге тиіс.

a) Бергіш тізбегінің кедергісі X Ω және 750 Ω дейін құраған кезде басқару блогын қосу немесе түсіре білу қажет.

b) Басқару блогын ол 10 Ω жетпестен бұрын, кедергі құлаған кезде қосу қажет.

c) Басқару блогын бергіш тізбегінің кедергісі X Ω жетпестен бұрын, бергіш тізбегінің кедергісін арттырған кезде қосу немесе түсіре білу қажет.

d) Басқару блогының жұмысында егер бергіш тізбегінің сыйымдылығы 0,2 μФ аспаса, ешбір елеулі өзгерістер болмауға тиіс.

X мәні басқару блогын өндіруші қарастыруға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Кедергі шамасы РТС 20 Ω ретінде төмен болады.

**8.3 Электрмагниттік үйлесімділік (ЕМҮ)**

**8.3.1 Жалпы ережелер**

IEC 60947-1, 7.3.1 сәйкес.

**8.3.2 Кедергіге тұрақтылығы**

**8.3.2.1 Электрондық тізбектерден тұрмайтын жабдық**

IEC 60947-1, 7.3.2.1 сәйкес.

**8.3.2.2 Электрондық тізбектерден тұратын жабдық**

IEC 60947-1, 7.3.2.2 сәйкес мынадай толықтырулармен.

Осы талаптарға сәйкестігін тексеру үшін тиісті сынақ өткізу үшін 9.4.2.2 қараңыз.

Сәйкестік критерийлеріне негізделген сапа критерийлері IEC 60947-1 24-кестеде келтірілген және былайша өзгертілген:

A сапасының критерийлері:

«Электр тізбектері мен басқару тізбектерін пайдалану» жолындағы:

«Қажетсіз іске қосылу болмайды» деген сөздер,

«Сынақ уақытында коммутациялық элементтің шығу жағдайы өзгермейді» деген сөздерге ауыстырылсын.

A сапасының критерийлері:

«Электр тізбектері мен басқару тізбектерін пайдалану» жолындағы,

«Өздігінен қалпына келтірілетін, жұмыстың уақытша нашарлауы немесе шығыны» деген сөздер:

«Тұрақты ток құрылғысы үшін немесе айнымалы ток құрылғысы үшін бір жартылай толқынды қуат жиілігісынақ уақытында коммутациялық элемент жағдайының шығуы 1 мс артық өзгермейді» деген сөздермен ауыстырылсын.

C сапасының критерийлері:

«Электр тізбектері мен басқару тізбектерін пайдалану» жолындағы,

«Оператордың араласуын немесе жүйенің шамадан тыс артуын қажет ететін, жұмыстың уақытша нашарлауы және жұмыс шығыны» деген сөздер:

«Өзі қалпына келетін немесе жүйенің шамадан тыс артуын қажет ететін, жұмыстың

уақытша нашарлауы немесе шығыны» деген сөздерге ауыстырылсын.

Жалпы сапа критерийлері мыналарды қоспағанда, А сапасының критерийлері болуға тиіс:

- электрстатикалық электр разряды үшін, жылдам секіріс/импульс үшін, асқын кернеу үшін және қысқа мерзімді кернеуді отырғызу үшін "0,5 цикл ішінде 0 % 1 цикл ішінде 0 % " В сапасының критерийлері орындалуға тиіс;

- "70 % ішінде және 25/30 цикл" ішінде қысқа мерзімді кернеудің отыруы үшін және қысқа уақыт аралығы үшін энергияны үнемдеудің бұзылуы С сапасының критерийлері орындалуға тиіс.

Барлық құрауыштар пассивті болатын, электрондық тізбек қолданылатын жабдық (мысалы, диодтар, резисторлар, варисторлар, конденсаторлар, асқын кернеуді шектеуіштер, индукторлар), тексерілмеуге тиіс.

**8.3.3 Эмиссия**

**8.3.3.1 Электрондық тізбектерден тұрмайтын жабдық**

IEC 60947-1, 7.3.3.1 сәйкес.

**8.3.3.2 Электрондық тізбектерден тұратын жабдық**

**8.3.3.2.1 Жалпы ережелер**

Егер жабдық А ортасы үшін ғана тексерілсе, онда келесі ескерту В ортасында осы жабдықты қолдану радиокедергілерді туғызатынын қарастыратын пайдаланушыға (мысалы, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар) ұсынылуға тиіс, пайдаланушыға қосымша азайту әдістері қажет болуы мүмкін.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Осы өнім А ортасы үшін әзірленді. В ортасында осы өнімдерді қолдану қажетсіз электрмагниттік кедергіге әкеледі, салдарынан пайдаланушыға азайту бойынша тиісті шараларды қабылдау қажет болады |

**8.3.3.2.2 Жоғары жиілікті эмиссияларға шектеу**

Электрондық тізбектерден тұратын жабдық (қуат көздерінің режимін ауыстырып қосқыш, жоғары жиілікті сағаттармен микропроцессорлардан тұратын тізбектер сияқты) үздіксіз электрмагниттік кедергілерді тудырады.

Эмиссиялар А класы, 1-топ үшін CISPR 11 көрсетілген шектерден бастапуға тиіс.

CISPR 22 анықталғандай, телекоммуникациялық портпен жабдықталған өнім осы белгілі портқа қатысы бойынша А класы үшін CISPR 22 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Осы сынақ бақылау және/немесе 9 кГц асатын ауыстырып қосудың іргелік жиілігімен құрауыштарды қамтитын оперативтік ток тізбегінде ғана қажет.

**8.3.3.2.3 Төмен жиілікті эмиссияларға арналған шектеулер**

IEC 60947-1, 7.3.3.2.2 сәйкес.

## 9 Сынақ

### 9.1 Сынақ типтері

**9.1.1 Жалпы ережелер**

IEC 60947-1, 8.1.1 сәйкес.

**9.1.2 Сынақ типтері**

Сынақ типтері осы стандарт талаптарымен басқару блогы құрастырылымының сәйкестігін тексеруге арналған.

a) диэлектр қасиеттер (9.3.3.4 қараңыз)

b) пайдалану ерекшеліктері (9.3.3.1, 9.3.3.2 қараңыз);

c) коммутациялық қабілеті (9.3.3.5 қараңыз;)
d) температураның өсуін шектеу (9.3.3.3 қараңыз)
e) құрастырылымдық талаптар (9.2 қараңыз);
f) қысқа тұйықталу жағдайы (9.3.4 қараңыз);
g) ЕМҮ (9.4 қараңыз).

**9.1.3 Типтік сынақ**

IEC 60947-1, 8.1.3 сәйкес.

**9.1.4 Үлгілерді сынау**

Басқару блогының үлгілерін сынау Диэлектр сынағын құрайды.

IEC 60947-1 8.1.4 сәйкес мынадай толықтырулармен.

Егер инженерлік және статистикалық талдаулар типтік сынақтың қажет еместігін көрсетсе (әр өнімге), өндіруші өзінің қарауы бойынша типтік сынақ орнына үлгілерді сынауды қолдануға тиіс.

Үлгілерді іріктеу IEC 60410 көрсетілген мынадай талаптарға сәйкес келеді немесе асады (II-А кестесін қараңыз – қалыпты байқауға арналған үлгілерді іріктеудің жеке жоспары):

- үлгілерді іріктеу AQL ≤ 1 негізделген;
- қабылдау саны Ac = 0 (ақаусыз қабылданады);
- жарамсыз сан Re = 1 (егер бір ақау болса, онда барлық топтама тексерілуге тиіс).

Үлгіні іріктеу әрбір нақты топтамалар үшін жиі негізде жүргізілуге тиіс.

Сәйкестікті қамтамасыз ететін балама статистикалық әдістер, мысалы IEC 60410 жоғарыда көрсетілген талаптарымен, үздіксіз өндірісті статистикалық басқару әдістерімен немесе мүмкіндік индексімен бақылау процесімен қолданылады.

**9.2 Құрастырылымдық талаптарға сәйкестігі**

IEC 60947-1, 8.2 сәйкес 8.1 бойынша қосымша талаптармен.

**9.3 Пайдалану талаптарына сәйкестігі**

**9.3.1 Сынау жүйелілігі**

**9.3.1.1 Жалпы ережелер**

Әр сынақтың жүйелілігі таза және жаңа жағдайда бір үлгіде іске асырылады.

Жабдықтың қарқыны жағдайында бір ғана жабдықты тексеру жеткілікті.

Бір сынау жүйелілігінен артық немесе барлық сынау жүйелілігі өндірушінің қалауы бойынша бір үлгіде өткізіледі. Дегенмен, сынақ әр үлгі үшін келтірілген жүйелілікте өткізілуге тиіс.

Қосымша түйіспелері бар басқару блоктары үшін IEC 60947-5-1 және осы стандарттың 9.3.1.3 талаптарына таралады.

**9.3.1.2 Өздік басқару блоктары**

Сынау типі мен жүйелілігі көрсету іріктемелерінде орындалуға тиіс, мыналар сияқты:

a) 1-сынақ жүйелілігі
- № 1 сынақ температураның өсуі (9.3.3.3 қараңыз)
- № 2 сынақ диэлектрлік қасиеттер (9.3.3.4 қараңыз)

b) 2-сынақ жүйелілігі
- № 1 сынақ қалыпты жағдай кезіндегі пайдалану сынағы (9.3.3.1 қараңыз)
- № 2 сынақ қалыпты жағдай кезіндегі коммутациялық құрылғы (9.3.3.5.2 қараңыз)
- № 3 сынақ диэлектрлік қасиеттер (9.3.3.4 қараңыз)
- № 4 сынақ жұмыс температурасының өзгеруін тексеру (9.3.3.6 қараңыз)

1-ЕСКЕРТПЕ 2 және 3 сынау жүйелігі 3 және 4-сынақ нөмірлерінің үйлесімі жағдайында 3-сынақ жүйелілігі соңында бір рет қана іске асырылады.

c) 3 сынау жүйелілігі

- № 1 сынақ қалыпты емес жұмыс жағдайындағы пайдалану сынағы (9.3.3.2 қараңыз)
- № 2 сынақ қалыпты емес жұмыс жағдайындағы коммутациялық қабілетін сынау (9.3.3.5.3 қараңыз)
- № 3 сынақ диэлектрлік қасиеттер (9.3.3.4 қараңыз)
- № 4 сынақ жұмыс температурасының өзгеруін тексеру (9.3.3.6 қараңыз)

1-ЕСКЕРТПЕ 2 және 3 сынау жүйелігі 3 және 4-сынақ нөмірлерінің үйлесімі жағдайында 3-сынақ жүйелілігі соңында бір рет қана іске асырылады.

d) 4 сынақ жүйелілігі
- № 1 сынақ шартты токта қысқа тұйықталуды орындау (9.3.4 қараңыз)
- № 2 сынақ диэлектрлік қасиеттер (9.3.3.4 қараңыз)

e) 5 сынау жүйелілігі
- № 1 сынақ басқару блогының А шкаласын қосуды және ағытуды тексеру (9.3.3.10 қараңыз)
- № 2 сынақ басқару блогы бергіші тізбегінің номиналды кернеуін тексеру (9.3.3.11 қараңыз)
- № 3 сынақ қажетті жағдайда, бергіш тізбегіндегі қысқа тұйықталуды тануды тексеру (9.3.3.12 қараңыз)

f) 6 сынақ жүйелілігі
- № 1 сынақ EMY сынау (9.3.3.12 қараңыз)

9.3.1.3 Басқа құрылғыдағы басқару блоктары

Сынау типтері мен жүйелілігі олардың меншікті стандартына сәйкес, мысалы, баяу іске қосу, артық жүктеу редесі және т.б. және термиялық қорғау функциясын қоса алғанда бұрын тексерілген типіне құрылғының көрсеткіш іріктемесіне орындалуға және мынадай болуға тиіс:

a) 5 сынақ жүйелілігі
- № 1 сынақ басқару блогының А шкаласын қосуды және ағытуды тексеру (9.3.3.10 қараңыз)
- № 2 сынақ басқару блогы бергіші тізбегінің номиналды кернеуін тексеру (9.3.3.11 қараңыз)
- № 3 сынақ қажетті жағдайда, бергіш тізбегіндегі қысқа тұйықталуды тануды тексеру (9.3.3.12 қараңыз)

b) 6 сынақ жүйелілігі
- № 1 сынақ EMY сынау (9.3.3.12 қараңыз)

9.3.2 Жалпы сынау шарттары

IEC 60947-1, 8.3.2 сәйкес.

**9.3.3 Өндірушілігі**

**9.3.3.1 Басқару блогының салыстырмалы қалыпты жағдайында өндірушілігін тексеру**

Басқару блоктары 8.2.1 бөлімінде жазылған талаптарға сәйкес жұмысты тексеру үшін тексерілуге тиіс.

Басқару блоктары 5.2.6 сәйкес бергіштің көрсетілген сипаттамаларын тексеру үшін басқару блогын өндіруші тексеруге тиіс.

**9.3.3.3 Температураның өсуі**

IEC 60947-1, 8.3.3.3 сәйкес мынадай толықтырулармен.

Басқару блогының барлық коммутациялық элементтері тексерілуге тиіс. Бір уақытта жабылатын барлық коммутациялық элементтер сынаққа бірге түсуге тиіс. Дегенмен, элементер жабық күйде қала алмайтындай, жетек жүйесінің ажырамас бөлігін құрайтын элеметтерді қосу, осы сынақтан босатылады.

ЕСКЕРТПЕ Егер бірнеше позиция болатын басқару тізбегінің құрылғысы ауыстырып қосу элементтері жабық күйде қалса, температураның өсуін бірнеше сынау қажет болады.

Әрбір уақытша қосылыстың ең төменгі ұзындығы қысқыдан қысқыға дейін 1 метр болуға тиіс.

**9.3.3.4 Диэлектрлік қасиеттерінің өзгеруі**

IEC 60947-1, 8.3.3.4 сәйкес 8.2.3 бойынша қосымша талаптармен.

**9.3.3.5 Номиналды коммутациялық қабілетін тексеру**

**9.3.3.5.1 Жалпы ережелер**

Коммутациялық қабілетті тексеруге арналған сынақ термиялық қорғау жүйесінде ауыстырып қосу функцияларын, яғни басқару блоктарын қамтамасыз ететін құрылғыларда іске асырылады.

Коммутациялық қабілетін сынау басқару блогы қолданылу санатында көрсетілген қалыпты және қалыпты емес қолдану жағдайында осы жұмыс кернеуінде коммутациялық қабілетке бейімділігін тексеруге арналған. Жұмыс температурасы (TNF немесе TFS) 8.2.8 талаптарына сәйкестігін тексеру үшін, осы сынаққа дейін және кейін тексеріледі.

**9.3.3.5.2 Қалыпты жағдайдағы коммутациялық элементтердің коммутациялық қабілеті**

IEC 60947-5-1, 8.3.3.5.2 сәйкес.

**9.3.3.5.3 Қалыпты емес жағдайдағы коммутациялық элементтердің коммутациялық қабілеті**

IEC 60947-5-1, 8.3.3.5.3 сәйкес.

**9.3.3.6 Жұмыс температурасының өзгеруін тексеру**

Осы сынақ бергішке байланысты бергіш немесе басқару блогы 9.3.3.4 сәйкес диэлектрлік беріктік сынағымен қоса жүретін, 9.3.3.5 сәйкес қалыпты және қалыпты емес қолдану жағдайында коммутациялық қабілет сынағына қарсы тұруға қабілетін тексеруді өткізгеннен кейін өткізіледі.

Егер құрауыштар осы сынақты қанағаттанарлық аяқтаса, жұмыс температурасы пайдалану ауыстырып қосуды сынау алдында тексеретіндей, не болмаса IEC 60738-1 бойынша TNF немесе 9.3.3.7 бойынша TFS тексерілуге тиіс.

Соңғы жұмыс температурасы бастапқы мәндермен салыстырылатында өлшенуге тиіс және айырмашылық 9.3.3.8 көрсетілген шектерден аспауға тиіс.

**9.3.3.7 Жұмыс температурасының номиналды жүйесін тексеру (TFS)**

